

2026 жылғы 11 ақпанда «Павлодар қаласының № 82 арнайы сәбилер бақшасы» КМҚК базасында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының 6-тармағына сәйкес 2025 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есептерді жария талқылау өтті.

Кездесу барысында төмендегі мәселелер қаралды:

1. 2025 жылғы 12 айдағы жұмыс қорытындылары;
2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру бойынша өзекті мәселелер мен ұсыныстар.

Жыл бойы қолжетімділік және есептілік қағидаттарын сақтай отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің үш түрі көрсетілді.

Іс-шара мемлекеттік ұйым мен азаматтар арасында ашық диалог жүргізуге арналған маңызды алаңға айналып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын, ашықтығын және тиімділігін арттыруға бағытталды.